

«Мейірімділік – адамгершіліктің айнасы» атты тәрбиелік іс-шара өтті

2025 жылғы 3 наурыз күні Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Халықаралық қатынастар кафедрасының магистр оқытушысы Асильбекова Балжанның ұйымдастыруымен «Мейірімділік – адамгершіліктің айнасы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараға Халықаралық қатынастар мамандығының 2-курс студенттері – ЗХҚ-311 және ЗХҚ-312 топтарының білім алушылары қатысты.

Іс-шараның мақсаты – студенттерге мейірімділік, адамгершілік және жанашырлық секілді адами құндылықтардың мәнін ұғындыру, оларды күнделікті өмірде қолдануға үйрету, сондай-ақ академиялық ортада жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру болды.

Куратор Асильбекова Балжан тәрбие сағатын мейірімділіктің қоғамдағы, әсіресе дипломатия мен халықаралық қатынастар саласындағы ерекше маңыздылығына тоқталып, кіріспе сөзімен ашты. Одан кейін студенттер алдын ала дайындаған шағын баяндамаларын ортаға салды:

Аманкүл Ақниет – «Мейірімділік – дипломаттың басты қаруы»

Халдарова Мадина – «Жақсылық жасау – жанның байлығы»

Іс-шара барысында тақырыпқа қатысты бейнеролик көрсетіліп, «Мейірімділік деген не?» тақырыбында ашық пікірталас ұйымдастырылды. Студенттер өмірден алынған нақты мысалдарды келтіріп, өз ой-пікірлерін еркін жеткізді. Сонымен қатар қызықты тренинг-жаттығулар мен жағдаяттық сұрақтар арқылы олардың ойлау, сезіну және шешім қабылдау қабілеттері дамытылды.

Шара соңында қатысушылар бір-біріне жүрекжарды лебіздер арнап, «Жақсылық жаса – қайырым ал» атты шағын акция өткізді.

Тәрбие сағаты студенттердің белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтті. Бұл іс-шара адамгершілік құндылықтарға деген құрметті нығайтып, болашақ дипломаттар мен саясаткерлер үшін маңызды өмірлік бағдар бола білді.